



БҰЙРЫҚ

2021 жылғы 3 қыркүйек

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 1  
город Нур-Султан

**Ерекше қажеттілігі бар адамдармен жұмыс істейтін мәдениет саласындағы ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдарының, сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар шығармашылық адамдары мен мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің «Өнерпаз bolsañ...» фестивалін өткізу туралы**

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 9) және 12) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі туралы ереженің 16-тармағы екінші бөлігінің 11) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 56 бұйрығымен бекітілген Республикалық конкурстар мен фестивальдерді өткізудің үлгілік ережесіне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ерекше қажеттілігі бар адамдармен жұмыс істейтін мәдениет саласындағы ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдарының, сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар шығармашылық адамдары мен мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің «Өнерпаз bolsañ...» фестивалі (бұдан әрі – Фестиваль) өткізілсін.

2. Қоса берілген Фестивальді өткізу қағидалары бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті Фестивальді онлайн форматта жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары М.А. Арғынбековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

000101

Төраға



А. Абдуалиев



**Ерекше қажеттілігі бар адамдармен жұмыс істейтін  
мәдениет саласындағы ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдарының,  
сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар шығармашылық адамдары  
мен мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің «Өнерпаз болсаң...»  
фестивалін өткізу қағидалары**

**1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ерекше қажеттілігі бар адамдармен жұмыс істейтін мәдениет саласындағы ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдарының, сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар шығармашылық адамдары мен мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің «Өнерпаз болсаң» фестивалін өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 9) және 12) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласын іске асыру аясында әзірленіп, Фестивальдің мақсаты мен міндетін, өткізу тәртібін айқындайды.

2. Ерекше қажеттілігі бар адамдармен жұмыс істейтін мәдениет саласындағы ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдарының, сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар шығармашылық адамдары мен мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің «Өнерпаз болсаң...» фестивалін (бұдан әрі – Фестиваль) құрылтайшысы – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастырушы).

3. Байқау ерекше қажеттілігі бар адамдармен жұмыс істейтін мәдениет саласындағы ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдарының, сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар шығармашылық адамдары мен мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің арасында өткізіледі.

**2 тарау. Мақсаты мен міндеттері**

Фестивальдің мақсаты мен міндеттері:

1) мәдениет саласындағы ұйымдар мен ерекше қажеттіліктері бар адамдармен жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдарды қолдау;

2) ерекше қажеттіліктері бар шығармашылық адамдар мен мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің шығармашылық әлеуетін іске асыру және әлеуметтендіру үшін жағдай жасау;

3) ерекше қажеттіліктері бар шығармашылық адамдар мен мәдениет қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін арттыру болып табылады.

### 3 тарау. Фестивальді өткізу тәртібі

4. Фестиваль келесі кезеңдерден тұрады:

1) ағымдағы жылдың 22 қыркүйегінде республикалық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы фестивальдің онлайн режимдегі ресми ашылуы;

2) Ерекше қажеттілігі бар адамдармен жұмыс істейтін мәдениет саласындағы ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдарының, сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар шығармашылық адамдары мен мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің «Өнерпаз болсаң...» республикалық байқауы (бұдан әрі – Байқау);

3) жеңімпаздарды марапаттау рәсімі.

5. Байқау онлайн форматында өткізіледі.

6. Мәдениет саласындағы ұйымдар және ерекше қажеттіліктері бар адамдармен жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдар, сондай-ақ шығармашылық адамдар және ерекше қажеттіліктері бар мәдениет ұйымдарының қызметкерлері (бұдан әрі – қатысушы) конкурсқа тек бір номинация бойынша қатысады.

7. Ұйымдастырушы осы Қағидаларды өзінің [www.msm.gov.kz](http://www.msm.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырады.

8. Байқауды өткізу туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары әкімдіктерінің осы Қағидаларды облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының мәдениет басқармаларының интернет-ресурстарында таратуы және орналастыруы арқылы жүзеге асырылады.

9. Ерекше қажеттілігі бар адамдармен жұмыс істейтін мәдениет саласындағы ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдарының арасындағы байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «Ерекше ұйым» (ерекше қажеттіліктері бар қызметкерлер үшін ең жақсы жағдай жасайтын мәдениет саласындағы ұйым);

2) «Біз біргеміз!» (ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін үздік іс-шаралар өткізетін мәдениет саласындағы ұйым);

3) «Қолжетімді орта» (ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, белсенді жұмыс істейтін және дамып келе жатқан мәдениет саласындағы ұйым);

4) «Үлкен жүректі ұйым» (ерекше қажеттіліктері бар адамдармен жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйым);

5) «Инклюзивті ұйым» (ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін мәдениет саласындағы инклюзивті білім беруді дамытуға үлес қосқан мәдениет саласындағы ұйым және үкіметтік емес ұйым).

10. Ерекше қажеттіліктері бар мәдениет ұйымдарының қызметкерлері арасында байқау «Үздік мәдениет қызметкері» (мәдениет саласын дамытуға үлес қосқан ерекше қажеттіліктері бар мәдениет саласындағы ұйымның қызметкері) номинациясы бойынша өткізіледі.

11. Ерекше қажеттіліктері бар шығармашылық адамдар мен мәдениет ұйымдары қызметкерлері арасындағы келесі номинациялар тағайындалады:

- «Әуезді әуен» (вокал жанры бойынша);
- «Шексіз талант» (аспаптық музыка жанры бойынша);
- «Ырғақты би» (би жанрында);
- «Алтын палитра» (бейнелеу өнері бойынша);
- «Қолданбалы өнер шебері» (сәндік-қолданбалы өнер бойынша);
- «Дарынды актер» (театр өнері бойынша);
- «Көркемсөз шебері» (әдеби өнер бойынша);
- «Дарынды қаламгер» (поэзия бойынша);
- «Шекарасыз өнер» (ым-ишара тілімен көрсетілген өнерге қосқан үлесі үшін);
- «Жалынды жас» (ерекше қажеттіліктері бар мәдениет саласындағы шығармашылық адамдар мен ұйымдардың 29 жасқа дейінгі қызметкерлері арасында);
- «PR жақсылық» (ерекше қажеттіліктері бар адамдар, үкіметтік емес ұйымдар үшін мәдениет саласындағы инклюзивті білім беру мәселелерін қоғамда және медиа кеңістікте белсенді ілгерілеткені үшін).

12. Байқау келесі жұмыс кезеңдерін қамтиды:

- 1) байқауға өтінімдерді жинау;
- 2) өтінімдерді «Опeгraz bolsañ...» фестивалінің қазылар алқасының мүшелерінің (бұдан әрі – Қазылар алқасы) қарастыруы;
- 3) номинациялар бойынша жеңімпаздарды іріктеу;
- 4) жеңімпаздарды марапаттау.

13. Конкурстық өтінімдерді жинау 2021 жылғы 22 қыркүйектен 8 қазанға дейінгі мерзімде жүзеге асырылады. Қатысушы байқауға қатысу үшін Ұйымдастыру комитетіне (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) келесі нысандар бойынша өтінімдер ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес – ерекше қажеттіліктері бар адамдармен жұмыс істейтін мәдениет саласындағы ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдары үшін;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес – ерекше қажеттіліктері бар шығармашылық адамдар мен мәдениет ұйымдарының қызметкерлері үшін.

14. Өтінімге мынадай құжаттар мен материалдар (бұдан әрі – құжаттар топтамасы) қоса беріледі:

Ерекше қажеттілігі бар адамдармен жұмыс істейтін мәдениет саласындағы ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдар үшін:

1) ұйымның қызметі туралы, оның 2019-2021 жылдардағы жетістіктері туралы қысқаша ақпарат (2 парақтан артық емес);

2) осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген номинациялар бойынша ерекше қажеттіліктері бар адамдармен жұмыс істейтін мәдениет саласындағы ұйымның және үкіметтік емес ұйымның 2019-2021 жылдардағы қызметі туралы ақпараты бар Power Point нұсқасында кемінде 30 слайдтан тұратын таныстырылым.

ерекше қажеттіліктері бар шығармашылық адамдар мен мәдениет ұйымдары қызметкерлері үшін:

1) қызметкерді мәдениет саласындағы ұйымнан немесе ерекше қажеттіліктері бар адамдармен жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдардан қызметкерді байқауға қатысуға ұсынатыны туралы өтініш-хат;

2) қатысушының мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі (осы Қағидалардың 7 және 8-тармақтарында көрсетілген номинациялар үшін);

3) PDF форматында қатысушының жеке басын растайтын куәлік көшірмесі;

5) қатысушының 3\*5 фотосуреті (электронды нұсқада, pdf/jpeg форматында);

6) осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген номинация бойынша ерекше қажеттіліктері бар мәдениет саласындағы ұйымның қызметкері 2019-2021 жылдардағы қызметі туралы ақпараты бар Power Point форматындағы 30 слайдтан аспайтын таныстырылым және (немесе) 5 минутқа дейінгі бейне материалдарды ұсынады;

7) осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген номинациялар бойынша шығармашылық адамдар және ерекше қажеттіліктері бар мәдениет саласындағы ұйымдардың қызметкерлері 5 минутқа дейін бейне материал ұсынады:

- «Өуезді әуен» (вокал жанры бойынша) – «жанды дауыстағы» орындау;

- «Шексіз талант» (аспаптық музыка жанры бойынша) – аспаптық музыкадағы жанды орындау;

- «Бірғақты би» (би жанрында) – қатысушының шығармашылық процесінің бейнематериалы;

- «Алтын палитра» (бейнелеу өнері бойынша) – қатысушының жұмыс портфолиосы, шығармашылық жұмыс процесінің бейнематериалы;

- «Қолданбалы өнер шебері» (сәндік-қолданбалы өнер бойынша) – қатысушының жұмыс портфолиосы, шығармашылық жұмыс процесінің бейнематериалы;

- «Дарынды актер» (театр өнері бойынша) – қатысушының шығармашылық процесінің бейнематериалы;

- «Көркемсөз шебері» (әдеби өнер бойынша) – қатысушының шығармашылық процесінің бейнематериалы;

- «Дарынды қаламгер» (поэзия бойынша) – қатысушының шығармашылық процесінің бейнематериалы;

- «Шекарасыз өнер» (ым-ишара тілімен көрсетілген өнерге қосқан үлесі үшін) – қатысушының шығармашылық процесінің бейнематериалы;

- «Жалынды жас» (ерекше қажеттіліктері бар мәдениет саласындағы шығармашылық адамдар мен ұйымдардың 29 жасқа дейінгі қызметкерлері арасында) – қатысушының шығармашылық процесінің бейнематериалы;

- «PR жақсылық» (ерекше қажеттіліктері бар адамдар, үкіметтік емес ұйымдар үшін мәдениет саласындағы инклюзивті білім беру мәселелерін қоғамда

және медиа кеңістікте белсенді ілгерілеткені үшін) – қатысушының жұмыс портфолиосы, шығармашылық жұмыс процесінің бейнематериалы.

15. Құжаттар топтамасы [Onerpaz\\_bolsan@gmail.com](mailto:Onerpaz_bolsan@gmail.com) электронды мекен-жайына жолданады.

Толық емес көлемде және (немесе) осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген мерзімнен кеш ұсынылған құжаттар топтамасы қарауға және қайтаруға жатпайды.

16. Байқаудың жеңімпаздарына салтанатты түрде диплом, статуетка және ақшалай сыйлық беріледі.

17. Байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімі а.ж. 22 қазан күні Нұр-сұлтан қаласында эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып онлайн немесе оффлайн форматта өткізіледі.

18. Байқау жеңімпаздарына жол жүру, тұру және тамақтануды қоса алғанда, іссапар шығыстары өтеледі.

#### **4 тарау. Ұйымдастыру комитеті**

19. Фестивальді ұйымдастыру және өткізу үшін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес құрамда ұйымдастыру комитеті құрылады.

20. Фестиваль жұмысын жариялау мақсатында Ұйымдастыру комитеті бұқаралық ақпарат құралдарына баспасөз хабарламаларын, байқау бағдарламасы мен ақпараттық-анықтамалық сипаттағы өзге де материалдарды ұсынады.

#### **5 тарау. Байқаудың Қазылар алқасы**

21. Қазылар алқасы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес құрамда құрылады.

22. Қазылар алқасының отырысы 2021 жылғы 14-15 қазан аралығында (қазылар алқасы үшін – оффлайн, қатысушылар үшін – онлайн режимде) өтеді.

Байқаудың қазылар алқасы отырысы өтетін орын – «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі» РМҚК, «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы» РМҚК.

23. Өтінімдерді қарау кезінде қазылар алқасы байқауға қатысушыларды келесі критерийлер бойынша бағалайды:

1) қатысушылар ұсынған ақпараттың осы Қағидалардың 15-тармағының талаптарына сәйкестігі;

2) байқауға ұсынылған материалдардың мазмұны;

3) әртістігі, көркемдік өзін-өзі көрсету дәрежесі;

4) қатысушылардың шеберлігі;

5) шығармашылық жұмыстардың эстетикалық келбеті;

6) сахналық мәдениет және киім;

7) Мәдениет саласының дамуына үлес қосқан қатысушылардың жұмысын көрнекі көрсететін материалдардың болуы.

24. Байқаудың әр күнінің қорытындысы бойынша қазылар алқасы жабық отырыс өткізіп, онда жеңімпаздар (әр номинация бойынша бір-бірден) анықталып, хаттамамен ресімделеді және қол қойылады.

25. Байқаудың қазылар алқасының сыйақыларды беру жөніндегі шешімі Фестивальдің жабылу рәсімінде жарияланып, соңғы шешім болып саналады және қайта қаралмайды.

26. Қазылар алқасы жеңімпаздарды дипломдармен, сертификаттармен және ақшалай сыйлықтармен марапаттайды.

27. Қазылар алқасының мүшелеріне көзделген қаражат шегінде және есебінен қаламақы, Нұр-Сұлтан қаласына және кері қайту үшін, тамақтану, тұру, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша көлікте жол жүру шығыстары төленеді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметшілер болып табылатын және мемлекеттік ұйымдарда немесе квазимемлекеттік сектор субъектілерінде басқарушылық функцияларды орындайтын адамдар болып табылатын қазылар алқасының мүшелеріне қаламақы төленбейді.

## **6 тарау. Байқауды қаржыландыру**

28. Фестивальді қаржыландыру «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» 033 бюджеттік бағдарламасының «Әлеуметтік-маңызы бар және мәдени іс-шараларды өткізу» 105 кіші бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

29. Мәдениет саласындағы ұйымдар мен ерекше қажеттіліктері бар адамдармен жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдар арасында өткізілетін конкурс номинациялары бойынша мынадай ақшалай сыйлықтар белгіленеді:

1) «Ерекше ұйым» (ерекше қажеттіліктері бар қызметкерлер үшін ең жақсы жағдай жасайтын мәдениет саласындағы ұйым) – жеке табыс салығын ескере отырып, 1 000 000 (бір миллион) теңге;

2) «Біз біргеміз!» (ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін үздік іс-шаралар өткізетін мәдениет саласындағы ұйым) – жеке табыс салығын ескере отырып, 1 000 000 (бір миллион) теңге;

3) «Қолжетімді орта» (ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, белсенді жұмыс істейтін және дамып келе жатқан мәдениет саласындағы ұйым) – жеке табыс салығын ескере отырып, 1 000 000 (бір миллион) теңге;

4) «Үлкен жүректі ұйым» (ерекше қажеттіліктері бар адамдармен жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйым) – жеке табыс салығын ескере отырып, 1 000 000 (бір миллион) теңге;

5) «Инклюзивті ұйым» (ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін мәдениет саласындағы инклюзивті білім беруді дамытуға үлес қосқан мәдениет саласындағы

ұйым және үкіметтік емес ұйым) – жеке табыс салығын ескере отырып, 1 000 000 (бір миллион) теңге.

30. Ерекше қажеттіліктері бар мәдениет ұйымдарының қызметкерлері арасында «Үздік мәдениет қызметкері» (мәдениет саласын дамытуға үлес қосқан ерекше қажеттіліктері бар мәдениет саласындағы ұйымның қызметкері) номинациясына – жеке табыс салығын ескере отырып, 500 000 (бес жүз мың) теңге белгіленеді.

31. Шығармашылық адамдар және ерекше қажеттіліктері бар мәдениет ұйымдарының қызметкерлері арасында байқау номинациялары бойынша мынадай ақпалай сыйлықтар:

1) «Әуезді әуен» (вокал жанры бойынша) – жеке табыс салығын ескере отырып, 500 000 (бес жүз мың) теңге;

2) «Шексіз талант» (аспаптық музыка жанры бойынша) – жеке табыс салығын ескере отырып, 500 000 (бес жүз мың) теңге;

3) «Бірғақты би» (би жанрында) – жеке табыс салығын ескере отырып, 500 000 (бес жүз мың) теңге;

4) «Алтын палитра» (бейнелеу өнері бойынша) – 500 000 (бес жүз мың) теңге;

5) «Қолданбалы өнер шебері» (сәндік-қолданбалы өнер бойынша) – 500 000 (бес жүз мың) теңге;

6) «Дарынды актер» (театр өнері бойынша) – 500 000 (бес жүз мың) теңге;

7) «Көркемсөз шебері» (әдеби өнер бойынша) – 500 000 (бес жүз мың) теңге;

8) «Дарынды қаламгер» (поэзия бойынша) – 500 000 (бес жүз мың) теңге ;

9) «Шекарасыз өнер» (ым-ишара тілімен көрсетілген өнерге қосқан үлесі үшін) – 500 000 (бес жүз мың) теңге;

10) «Жалынды жас» (ерекше қажеттіліктері бар мәдениет саласындағы шығармашылық адамдар мен ұйымдардың 29 жасқа дейінгі қызметкерлері арасында) – 500 000 (бес жүз мың) теңге;

11) «PR жақсылық» (ерекше қажеттіліктері бар адамдар, үкіметтік емес ұйымдар үшін мәдениет саласындағы инклюзивті білім беру мәселелерін қоғамда және медиа кеңістікте белсенді ілгерілеткені үшін) – 500 000 (бес жүз мың) теңге белгіленеді.

## 7 тарау. Қорытынды ереже

33. Осы Қағидалармен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

Ерекше қажеттілігі бар адамдармен  
жұмыс істейтін мәдениет саласындағы  
ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдарының,  
сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар  
шығармашылық адамдары мен мәдениет  
ұйымдары қызметкерлерінің  
«Óneraz bolsań...» фестивалін  
өткізу қағидаларына  
1 қосымша

Нысан

**Ерекше қажеттілігі бар адамдармен жұмыс істейтін  
мәдениет саласындағы ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдарының,  
сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар шығармашылық адамдары  
мен мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің  
«Óneraz bolsań...» фестиваліне қатысуға өтінім**  
(ерекше қажеттілігі бар адамдармен жұмыс істейтін  
мәдениет саласындағы ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдар үшін)

Номинация \_\_\_\_\_

1. Мәдениет саласындағы ұйым және үкіметтік емес ұйым туралы ақпарат

|                                                                         |                                                                 |
|-------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|
| (Ұйымның атауы<br>(ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын<br>көрсете отырып) |                                                                 |
| басшының аты-жөні, тегі (болған<br>жағдайда)                            |                                                                 |
| заңды мекен-жайы:                                                       |                                                                 |
| байланыс мәліметтері (телефон,<br>электронды пошта):                    |                                                                 |
| Интернет-ресурс, әлеуметтік желідегі<br>парақтары және т.б.             |                                                                 |
| ұйымның қызметіндегі инклюзивті<br>жобалар                              | (тізімі, нәтижесі мен тиімділігі)                               |
| ерекше қажеттілігі бар қызметкерлер саны                                | ТАЖ (болған жағдайда), жұмыс<br>өтілі, атқарып отырған қызметі, |

|                                                                                                  |                                                       |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------|
|                                                                                                  | фото және бейнематериалдармен растау                  |
| ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған мәдени-бұқаралық және имидждік іс-шаралар саны      | (іс-шаралар саны мен тізімі, нәтижесі мен тиімділігі) |
| ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін тұрақты түрде өткізілетін жобалар                         | (тізімі, нәтижесі мен тиімділігі)                     |
| инклюзияны қолдау аясында баспасөз ақпарат құралдарымен жұмыс жүргізу, ақпараттық және PR-қызмет |                                                       |

Күні \_\_\_\_\_ 2021 ж.

\_\_\_\_\_  
басшының қолы  
(болған жағдайда)  
МО

\_\_\_\_\_  
ТАЖ

Ерекше қажеттілігі бар адамдармен  
жұмыс істейтін мәдениет саласындағы  
ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдарының,  
сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар  
шығармашылық адамдары мен мәдениет  
ұйымдары қызметкерлерінің  
«Ónerpaz bolsań...» фестивалін  
өткізу қағидаларына  
2 қосымша

Нысан

**Ерекше қажеттілігі бар адамдармен жұмыс істейтін  
мәдениет саласындағы ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдарының,  
сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар шығармашылық адамдары  
мен мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің  
«Ónerpaz bolsań...» фестиваліне қатысуға өтінімі**  
(ерекше қажеттіліктері бар шығармашылық адамдары  
мен мәдениет ұйымдары қызметкерлері үшін)

Номинация \_\_\_\_\_

1. Шығармашылық адамдары мен мәдениет қызметкерінің қысқаша кәсіби биографиясы мен негізгі кәсіби қол жеткізген табыстары (2019-2021 жж):

|                                          |                                                       |
|------------------------------------------|-------------------------------------------------------|
| Тегі                                     |                                                       |
| аты-жөні, әкесінің аты (болған жағдайда) |                                                       |
| туған жылы                               |                                                       |
| атағы, марапаттары (болған жағдайда)     | наградалар мен дипломдардың<br>көшірмелерін қоса беру |
| мекен-жайы                               |                                                       |
| телефоны                                 |                                                       |
| эл. пошта                                |                                                       |
| білімі (мамандығы)                       |                                                       |
| ғылыми дәрежесі (болған жағдайда):       |                                                       |
| жұмыс орны                               |                                                       |

|                                                                                                                                  |                                                          |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------|
| жалпы жұмыс өтілі,<br>соның ішінде мәдениет саласында                                                                            |                                                          |
| жұмыста ерекше қажеттіліктері бар<br>адамдармен жұмыс істеу үшін өзекті және<br>инновациялық әдістер мен тәсілдерді<br>пайдалану |                                                          |
| ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін<br>авторлық іс-шаралар өткізу                                                             |                                                          |
| қайта даярлау және біліктілігін арттыру<br>курстарын өткені                                                                      | (оқыған орны мен мерзімі,<br>біліктілік)                 |
| тәжірибесін жергілікті, облыстық деңгейде<br>тарату                                                                              |                                                          |
| мүгедектік тобы (10, 11-тармақтар бойынша<br>номинация үшін)                                                                     | мүгедектік туралы анықтаманың<br>көшірмесі қоса беріледі |
| мәдени-ағарту қызметін жүзеге асыру                                                                                              |                                                          |

## 2. Қатысушы ретінде ұсыну үшін келісім

|                                                                                                  |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мен (аты-жөні) (болған жағдайда)<br>_____<br>Байқауға қатысушы ретінде қатысуға келісім беремін. |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------|

\_\_\_\_\_ 2021 ж.  
(күні)

\_\_\_\_\_  
(қатысушының қолы)

МО

\_\_\_\_\_  
(басшының аты-жөні мен қолы)

Ерекше қажеттілігі бар адамдармен  
жұмыс істейтін мәдениет саласындағы  
ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдарының,  
сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар  
шығармашылық адамдары мен  
мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің  
«Ónerpaz bolsań...» фестивалін  
өткізу қағидаларына  
3 қосымша

**Ерекше қажеттілігі бар адамдармен жұмыс істейтін  
мәдениет саласындағы ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдарының,  
сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар шығармашылық адамдары  
мен мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің  
«Ónerpaz bolsań...» фестивалінің  
ұйымдастыру комитетінің құрамы**

Абдуалиев - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт  
Акан Жылқышыбайұлы министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы,  
ұйымдастыру комитетінің төрағасы;

**Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:**

Арғынбеков - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт  
Максат Арғынбекұлы министрлігі Мәдениет комитеті төрағасының  
орынбасары;

Мұратов - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт  
Ғани Жұматбекұлы министрлігі Мәдениет комитеті төрағасының  
орынбасары;

Сеитова - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт  
Күміс Қарсақпайқызы министрлігі Мәдениет комитеті төрағасының  
орынбасары;

Пазылова - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт  
Гүлзейнеп Анафияқызы министрлігі Мәдениет және өнер істері  
департаменті Музейлер және кітапханалар  
басқармасының басшысы;

Жотабаева - «Қазақ әуендері» акционерлік қоғамының  
Алтын президенті.